



KORKYT ATA
UNIVERSITY

«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ
2024 ЖЫЛҒА ЕСЕБІ

Құрметті акционерлер, серіктестер мен қызметкерлер!

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі атынан Сіздермен жүздесіп, университетіміздің 2024 жылғы жұмысының қорытындыларын ұсынуға қуаныштымын.

Университет 2023–2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасын іске асыру аясында білім беру сапасы мен интернационалдандыруды арттыру, ғылыми әлеует пен халықаралық ынтымақтастықты дамыту, цифрландыруды енгізу және инфрақұрылымды жақсарту бағытында белсенді жұмыс жасауда.

Өткен жылдың ең маңызды жетістіктерінің бірі – білім сапасының артуы, ғылыми зерттеулер көлемінің ұлғаюы және өңірлік бизнес-құрылымдармен әріптестіктің дамуы болды.

2024 жылы университет білім беруді интернационалдандыру, академиялық қызметке инновацияларды енгізу, цифрлық трансформация және қызметкерлер мен білім алушылар үшін жайлы, заманауи инфрақұрылым қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Біздің түлектеріміз ел экономикасының дамуына өз үлестерін қосып, өңір мен жалпы Қазақстанның қоғамдық және әлеуметтік өміріне белсенді қатысып келеді.

Университеттің орнықты дамуы – Директорлар кеңесінің басты мақсаты. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі корпоративтік басқару әділдік, ашықтық, жауапкершілік және кәсібилік қағидаттарына негізделген.

Біз оқыту мен жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасауға, академиялық дайындық деңгейін арттыруға және ғылыми-зерттеу бастамаларын қолдауға ұмтыламыз. Профессорлық-оқытушылық құрам жаңа білім мен заманауи білім беру технологияларын қалыптастыруда.

Алда әлі көптеген биік мақсаттар мен жоспарлар тұр. Университет білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруды, жетекші университеттер мен өндіріс орындарымен байланысты нығайтуды, сондай-ақ өңір халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жобалармен белсенді айналысуды жалғастыра береді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің дамуына үлес қосып жүрген баршаңызға алғысымды білдіремін. Бірлесе жұмыс жасай отырып, біз университетіміздің тұрақты өсуі мен өркендеуіне қол жеткізетінімізге сенемін.

*Құрметпен,
Директорлар Кеңесінің төрағасы
Әбіл Ерлан Қуанышұлы*



Құрметті әріптестер, студенттер, серіктестер мен достар!



Технологиялар қарқынды дамып жатқан заманда біз білім беру және ғылыми бағдарламаларымызды дамытып, өндірістік серіктестермен байланыстарымызды нығайтып, халықаралық ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейте отырып, сенімді түрде алға жылжуды жалғастырдық.

2024 жылы негізгі назар білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, оқытудың озық технологиялары мен жасанды интеллектіні енгізуге аударылды. Университет жаңа жағдайларға бейімделіп, цифрлық технологиялардың рөлін күшейтіп, кез келген жағдайда білім беру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етуде.

Университетіміздің ерекше мақтанышы – бұл еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білім мен дағдыны көрсетіп жүрген студенттеріміз бен түлектеріміз. Біз күрделі міндеттерді шеше алатын, аймақ пен республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қоса алатын мамандар даярлауды жалғастырып келеміз.

Ғылыми қызмет – университетіміздің басты бағыттарының бірі болып қала береді. Жыл бойы инновациялық технологияларды дамытуға және өңірдің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды.

Біз болашаққа зор сеніммен қараймыз. Алда бізді жаңа жетістіктер мен жеңістер күтіп тұр деп сенемін. Университеттің позициясын нығайту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, ғылыми әлеуетті дамыту және білім беру үдерісіне инновациялар енгізу бағытында белсенді жұмыс жүргіземіз.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің дамуына үлес қосып жүрген әрқайсысыңызға алғысымды білдіремін. Сіздердің адалдықтарыңыз бен еңбектеріңіз – ортақ табысымыздың кепілі.

*Құрметпен,
Басқарма Төрағасы - Ректор
Кәрімова Бейбіткүл Сәрсемханқызы*

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2023-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ



МИССИЯ

Жаңа білім
қалыптастыру және
аймақтың
зияткерлік әлеуетін
ашу




ПАЙЫМДАУЫ

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда
университеті-
облыстың әлеуметтік-
экономикалық
дамуына және сапалы
адами капиталды
қалыптастыруға
ықпал ететін мықты
өңірлік университет



МАҚСАТЫ

Адами капиталды
қалыптастыруға
және қоғамның
әлеуметтік-
экономикалық
дамуына әсер ететін
бәсекеге қабілетті
өңірлік университет
құру



ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1. Сапа
2. Инновациялар
3. Әлеуметтік
жауапкершілік



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1. Академиялық
шеберлік және білім
беруді
интернационалдандыру
2. Ғылым мен
халықаралық
ынтымақтастықты
дамыту
3. Инфрақұрылымды
цифрландыру және
жаңғырту



МАҚСАТТАР - 8



НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР - 9



МІНДЕТТЕР - 15



НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР - 97

РЕЙТИНГТЕРДЕГІ УНИВЕРСИТЕТ

1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ӘЛЕМДІК УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ РЕЙТИНГІ

1401



1401+

Korkyt Ata Kyzylorda University

АЗИЯ ЕЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ РЕЙТИНГІ

541-560




541-560

Korkyt Ata Kyzylorda University

ТҰРАҚТЫ ДАМУ РЕЙТИНГІ

435




1401-1450



1001+



435



1001+

UI GREEN METRIC WORLD UNIVERSITY RANKING

1160



TIMES HIGHER EDUCATION WORLD UNIVERSITY RANKINGS

1501+



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ (АРТА/IAAR)

7 ОРЫН - ҚР ЖОО СҰРАНЫСТЫҢ ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГІ-2024




25 БББ ҮЗДІК ҮШТІК ҚАТАРЫНДА
«АТАМЕКЕН» ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ

ҮЗДІК-10 ҚАТАРЫНДА



БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ



КОНТИНГЕНТ 01.09.2024 ж.

Бакалавриат – **9888** білім алушы
Магистратура – **548** білім алушы
Докторантура(PhD) – **76** білім алушы

ҚАБЫЛДАУ - 2024

3229 білім алушы қабылданды
Бакалавриат – **2968** білім алушы
Магистратура – **225** білім алушы
Докторантура(PhD) – **36** білім алушы

1506 грант

Бакалавриат – **1330** білім алушы
Магистратура – **140** білім алушы
Докторантура(PhD) – **36** білім алушы

📍 Қаладан тыс студенттер **151**

🌐 Шетелдік студенттер **177**

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ - 81%

ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ **142**

83 БАКАЛАВРИАТ
(26 БАҒЫТ БОЙЫНША)

44 МАГИСТРАТУРА
(16 БАҒЫТ БОЙЫНША)

15 ДОКТОРАНТУРА
(8 БАҒЫТ БОЙЫНША)

БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- 6B01501 - Информатика (СеулТех, Оңтүстік Корея);
- 6B06101 - Ақпараттық жүйелер (СеулТех, Оңтүстік Корея);
- 6B06102 - Компьютерлік бағдарламалар және бағдарламалау (СеулТех, Оңтүстік Корея);
- 6B06303 - Киберқауіпсіздік (СеулТех, Оңтүстік Корея);
- 6B07301 - Кадастр (ТИИИМСХ, Өзбекстан);
- 6B08675 - Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау (ТИИИМСХ, Өзбекстан);
- 7M07155 - Электр энергетикасы (ТИИИМСХ, Өзбекстан);
- 7M05247 - Экология (ТИИИМСХ, Өзбекстан);
- 7M11279 - Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (ТИИИМСХ, Өзбекстан);
- 7M04142 - Есеп және аудит (ТИИИМСХ, Өзбекстан).

ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

- 6B06103 - Data Management (СеулТех, Оңтүстік Корея);
- 6B06104 - AI Architect (СеулТех, Оңтүстік Корея);
- 6B06155 - Компьютерлік технологиялар және бағдарламалық қамтамасыз ету (МАИ, Ресей).



ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ :

Бекітілген:

- 8D01514-Информатика;
- 8D04142-Есеп және аудит;
- 8D01722-Орыс тілі мен әдебиеті;
- 6B07205-Тамақ химиясы және технологиясы;
- 7M04107 - Іскерлік әкімшілік (EMBA) бірлескен БББ, Саффолк университеті, Ұлыбритания).

Сараптамада:

- 6B01520-География мұғалімдерін даярлау;
- 7M11401-Әлеуметтік жұмыс;
- 7M11402-Әлеуметтік жұмыс (бейіндік);
- 7M02337-Аударма ісі және машиналық аударма технологиясы;
- 7M01105-Педагогика және психология (Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті);
- 7M01519-Биология (бірлескен БББ, М.Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТТЕУ

ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ

куәліктің мерзімі
13.12.2027-ге дейін

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН

108 БББ



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

БАРЛЫҒЫ: **202** БІЛІМ АЛУШЫ

138 БІЛІМ АЛУШЫ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ


64 БІЛІМ АЛУШЫ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ



2024 жылы-университет түркі университеттері Одағының ОРХУН бағдарламасына енді

ӨЗБЕКСТАН-39

Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты-35
Самарқанд мемлекеттік шетел тілдер институты-4



ПОЛЬША - 47

Лодзь университеті



ҚЫРҒЫЗСТАН-20

Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті - 16
"Манас" Қырғыз-Түрік Университеті-4



ҚЫТАЙ - 33

Хубэй Университеті



ӘЗІРБАЙЖАН-5

Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университеті



ТҮРКИЯ - 23

Сельчук Университеті - 17
Қажы Байрам Уәли Университеті - 6



ОҢТҮСТІК КОРЕЯ-28

Каннам университеті

БЕЛЬГИЯ - 7

Ховест қолданбалы ғылымдар Университеті

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ (01.09.2024ж.)

577

Ғылым докторлары – 22
Ғылым кандидаттары – 188
Философия докторлары (PhD) - 75
Дәрежесі жоқ оқытушылар-292

49

Кадрлық әлеует
(ғылыми дәрежелері бар,%)

47

ПОҚ орташа жасы

45

Қызметкерлердің орташа жасы



ШАҚЫРЫЛҒАН ШЕТЕЛДІК МАМАНДАР

2022-2023 оқу жылы - 18 адам
2023-2024 оқу жылы - 22 адам
2024-2025 оқу жылы - 26 адам



ЕРІКТІ ОҚЫТУШЫЛАР



Корей тілі - 4 оқытушы (Корея елшілігі жанындағы Корей тілі орталығымен келісім шеңберінде) / 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылы/



Ағылшын тілі - 3 оқытушы(Фулбрайт бағдарламасы бойынша, АҚШ) / 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылы



Түрік тілі - 1 оқытушы (Үкіметаралық келісім бойынша)/ 2024-2025 оқу жылы/



ТӘЖІРИБЕ МАМАНДАРЫ

2022-2023 оқу жылы - 56 адам
2023-2024 оқу жылы - 58 адам
2024-2025 оқу жылы - 60 адам



"500 ҒАЛЫМ" ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ - 25 АДАМ

Германия, Ұлыбритания, Швейцария, Әзірбайжан, Ресей, АҚШ

2022 жыл - 6 адам
2023 жыл - 13 адам
2024 жыл - 6 адам



ПОҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

2022 жыл - 16 адам
2023 жыл - 18 адам
2024 жыл - 19 адам

888


ПОҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

2022 жыл - 372 адам
2023 жыл - 389 адам
2024 жыл - 625 адам



ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТЕҢГЕ



ҒЫЛЫМ БОЙЫНША КІРІСТЕР

2022 жыл
191 912
мың теңге



2024 жыл
774 308
мың теңге

2022 жылмен салыстырғанда ғылым бойынша кірістер **4 есе** өсті

2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР

2022 жылы-**17 жоба**
2023 жылы-**23 жоба**
2024 жылы-**33 жоба, оның ішінде:**

ҚР ҒЖБМ ҒК – 22 гранттық жоба
Бағдарламалық нысананы қаржыландыру -1 жоба
Облыстық бюджеттен қаржыландыру (ЖАО) - 2 жоба
ҒЗТҚЖ (НИОКР) - 1 жоба
Шаруашылық келісімшарттар - 7 жоба

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ ҚОЛДАУ

2021 жылы-**4 жас ғалым**
2022 жылы - **6 жас ғалым**
2023 жылы - **8 жас ғалым**
2024 жылы - **15 жас ғалым**

Жыл сайын жас ғалымдарға (40 жасқа дейін) жалпы сомасы 10 млн. теңге университеттік грант бөлінеді, 2024 жылы 20 млн. теңге бөлінді.

ӘЛЕМДІК БАЗАЛАРДАҒЫ ПОҚ ЖАРИЯЛАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ



2022 жыл - **54**
2023 жыл - **91**
2024 жыл - **135**

2022 жыл - **24**
2023 жыл - **49**
2024 жыл - **69**

33 ПАТЕНТ Derwent Innovations Index Web of Science

39 АВТОР **10 245 300 ТЕҢГЕ** (2024 жыл)

2023 жылғы Scopus және Web of Science басылымдарын талдау нәтижелері бойынша 30 жарияланым үшін сыйақы берілді.

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР - 8

1. Ауыл шаруашылығы ғылымдары;
2. Philological Sciences Journal;
3. Математика, физика, информатика пәндерін оқытудың өзекті мәселелері;
4. Педагогика және психология;
5. Техникалық ғылымдар және технологиялар;
6. Biological Sciences Journal;
7. Chemistry and Chemical Technology Journal;
8. Экономикалық ғылымдар.

"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. "Ауыл шаруашылығы ғылымдары" сериясы ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ҒЖБМ ұсынған басылымдарының тізбесіне кіреді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖОБАЛАРЫ

“Біздің эрамызға дейінгі III-I мыңжылдықта Еуразияда ауыл шаруашылығының таралуын археоботаникалық зерттеу”, Токиодағы Мэйдзи университетінің Обсиадан және тастарды зерттеу орталығымен бірлескен жоба (2024-2026 жж.).


H2020-Msca-RISE - 2020 PhytoAPP Еуропалық Одақтың "Горизонт-2020" бағдарламасы бойынша "Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алу үшін суда еритін инновациялық фитоматериалдар-ингибиторлар" жобасы (2021-2025 жж.).

"LUPIC" Корея Республикасы Білім Министрлігінің қолдауымен СеулТехпен бірлескен жоба (2023-2029 жж.).

"Жоғары білім беруді дамытуға арналған Жаһандық серіктестік" жобасы, British Council, University of Suffolk (UoS), ChangeSchool Limited (CS) (2023-2024 жж.)

Түркия Республикасының Жастар және спорт министрлігімен бірлескен "Мәдени мұра" жобасы Студенттер мен жас мамандардың алмасуы. (2024 ж.)

Ховест қолданбалы ғылымдар Университетімен студенттер мен ПОҚ алмасу бағдарламасы бойынша Эразмус+ Еуропалық Одақтың халықаралық кредиттік ұтқырлығы, Бельгия (2024 ж.)



КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ 2024 ЖЫЛ



PhD докторлық диссертацияларды қорғау

2024-2025 ЖЫЛДАРЫ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАҒАН УНИВЕРСИТЕТ ДОКТОРАНТТАРЫ

1. Кудайбергенова Күнімжан (Қазақ тілі мен әдебиеті)
2. Құлтасов Бекзатхан (Аграрлық технологиялар)
3. Альменаева Райхан (Биология)
4. Закирова Асел (Қазақ тілі мен әдебиеті)
5. Жакипова Гүлнұр (Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру)
6. Жүзеев Серікхан (Бастауыш мектептегі оқыту педагогикасы)

РЕСПУБЛИКАНЫҢ БАСҚА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДОКТОРАНТУРАНЫ БІТІРГЕН ЖӘНЕ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАҒАН УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

1. Сеитова Гаухар (Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, "Шетел тілі: екі шетел тілі")
2. Жумадилова Мира (І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, "Құқықтану")
3. Құрманязов Ислам (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, "Археология және этнология")
4. Билалов Сейдалы (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, "Археология және этнология")

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ



ҚР ЖОО СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА

2021-2022 оқу жылы – **62** адам: I, II, III дәрежелі
2022-2023 оқу жылы – **72** адам: I, II, III дәрежелі
2023-2024 оқу жылы – **80** адам: I, II, III дәрежелі



ҚР ЖОО АРАСЫНДАҒЫ СҒЗЖ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

2021-2022 оқу жылы – **13** адам: I, II, III дәрежелі
2022-2023 оқу жылы – **17** адам: I, II, III дәрежелі
2023-2024 оқу жылы – **21** адам: II, III дәрежелі



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ

2021-2022 оқу жылы - **21** білім алушы
2022-2023 оқу жылы - **25** білім алушы
2023-2024 оқу жылы - **26** білім алушы



БИЗНЕС-ИНКУБАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ (BIC)



Бұл студенттерге стартап-жобалары мен инновациялық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орталық.
Мұнда студенттер кәсіпкерлік ойлауды дамытып, қаржылық және цифрлық дағдыларды жетілдіріп, жетістікке жете алады.



145 түлектер
резидент



1 750 жобалары



46 инкубацияланатын
жобалар



13 300 жастарды
қамту



93 370 000 ₸ тартылған
инвестициялар

KYZYLORDA HUB ҚЫЗМЕТТЕРІ



ИНКУБАЦИЯЛЫҚ
БАҒДАРЛАМАЛАР



ЖОБА
ФЕСТИВАЛЬДЕРІ



ТЕГІН КЕҢЕС
БЕРУ



DEMO
DAY



ИНВЕСТИЦИЯЛАР



ХАКАТОН



КОНКУРС




КУРСТАР



МАРКЕТИНГ
ҚЫЗМЕТТЕРІ



САЛЫҚ
ПРЕФЕРЕНЦИЯЛАРЫ



Білім беру курстары

**LUPIC x AI
Institute**

- Python
- Data science
- Технологиялық кәсіпкерлік
- Дрон инженериясы

**Samsung
Innovative**


- Java
- Android
- Web



@kzylordahub

Коворкинг BIC

Мекен-жайы: Әйтеке би, 29А




500 шаршы метр

- Open space
- Conference room
- GameDev center
- Hardware room
- Digital creativity room
- CyberSports room
- Kitchen
- 35 компьютер
- 1 LED
- 3 панель
- ВКС
- 500 мб/сек

**Кіру
тегін**

**ДҮЙСЕНБІ-ЖҰМА
9:00 - 20:00**



СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУЫ

21 ЖАСТАР ҰЙЫМЫ

ЖЫЛ САЙЫН 900-ДЕН АСТАМ ІС-ШАРА ӨТКІЗІЛЕДІ


СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУМЕН ҚАМТУ



СПОРТТЫҢ 11 ТҮРІ БОЙЫНША СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫ

- 15 ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ
- 125 ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТТАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ
- 21 АЗИЯ ЧЕМПИОНАТТАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ *



* оқу ақысына жеңілдіктер

ЖАСТАР ЖОБАЛАРЫ



“ЖАҚСЫЛЫҚПЕН БӨЛІС”



“АРДЕГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ”



“ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ”



“БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ”



“ҚАЛАЙСЫҢ СТУДЕНТ?”



“ҰЛТТЫҚ МҰРА”



“АРМАНДАРҒА ҚАНАТ”



“ТАЗА ҚАЗАҚСТАН”



“ЖАСТАР АЛАҢЫ”

ЖАТАҚХАНАЛАР-5

ОРЫНДАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ – 1416 (іс жүзінде 01.09.2024 - 1283 тұрады)

- №3 жатақхана - 260 орын
- №5 жатақхана - 400 орын
- «Қаржы орталығы» АҚ қаржыландырылатын «Өркениет» жатақханасы - 150 орын
- «Қаржы орталығы» АҚ қаржыландырылатын «ДилМаш» жатақханасы - 426 орын
- «Қаржы орталығы» АҚ қаржыландырылатын «Інкәр» жатақханасы - 180 орын

САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

 Ғылыми және техникалық ақпаратты іздеуге арналған интеллектуалды платформа  Мәтінді тексеру жүйесі	 Бизнес үшін есеп және басқарудың атоматтандырылған жүйесі  Объектілерді орталықтандырылған бақылау және мониторингілеу	 ҚУ ақпараттық сайты  Ғылыми қызметті басқару жүйесі	 Salem Office AIC Sirius  Емтихандардың Онлайн-прокторинг қызметі	 Microsoft POWER BI  Microsoft office 365	БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕР  PLATONUS Ақпараттық-білім беру жүйесі  PLATONUS QR-код қолдану арқылы сабаққа қатысуды бақылау
---	---	--	---	---	---

ТЕХНИКАЛЫҚ
ҚҰРЫЛҒЫЛАР

 FortiGate брандмауэрі трафикті сүзуді, кіруден қорғауды және қол жеткізуді басқаруды қамтамасыз етеді	 Интернет - 800мб/с ЕШДИ - 600мб/с	 Турникет face id- 14 жинақ	 Видеобақылау 581 дана	 Инт. Панель/проекторлар 138 дана	 Компьютер 1312 дана
---	--	---	--	---	--

САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

"20 ҚАДАМ"ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖОЛ КАРТАСЫ

КАМПУС

- Smart бейнебақылау;
- **MS Office 365;**
- "Student house" АЖ;
- **Бейне қабырғалар мен дәріс залдарын басқару жүйесі;**
- Дрондар арқылы бақылау жүйесі.

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- **MS Office 365;**
- CRM жүйесі;
- PC 530 бірлік;
- ДБО;
- Дәлізді басып шығару сервистерін енгізу;
- Конференцияға арналған бейне қабырғалар;
- **Ұшқышсыз ұшу аппараттары (дрондар) зертханасы.**

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ


- PC 415 бірлік
- ДБО;
- **IT қызметкерлерінің ішкі курстары;**
- Ақауларға төзімділік үшін брандмауэрлер.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ

- **MS Office 365;**
- Авто кесте;
- **1 С Платонус ААЖ интеграциясы;**
- PC 415 бірлік;
- ДБО;
- **ЖАОК;**
- **Әр ғимараттағы дәріс залдарындағы бейне қабырғалар;**

БАСҚАРУ ПРОЦЕСТЕРІ

- Сандық түгендеу
- **MS Office 365**
- 1 С Платонус ААЖ интеграциясы
- **QR-сабаққа қатысуы (Платонус)**
- **Бизнес-процестерді қайта құру**
- Smart бейнебақылау
- HR +Accounting



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ




== УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ 5 БЛОКҚА БӨЛІНГЕН:



БІЛІМ

таяу даму аймағы арқылы қазіргі заманның талаптарына жауап беретін оқыту әдістемелерін енгізу



ҒЫЛЫМ

ПОҚ мен зерттеушілерді белсенді тарту, стартаптардың ішкі конкурсы (ресурстарды тұтынуды азайту, ЖЭК-ке көшу және т. б.)



БАСҚАРУ

жеке жауапкершілік және міндеттердің шекараларын нақты бөлу, жобалық тәсіл арқылы ПОҚ, ӘБП және студенттерде болашақтың тұрақты ойлауы мен дағдыларын қалыптастыру,



ҚОҒАМ

білім беру ұйымдары мен бизнеске тұрақтылық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу, азаматтық бастамаларды ресурстық қолдау (алаңдар, коворкингтер, күн тәртібін әзірлеу, сараптамалық қатысу)



ЦИФРЛАНДЫРУ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

тұрақты даму міндеттеріне бағытталған инженерлік шешімдерді әзірлеу, университеттің беделін арттыру және инвестициялар тарту



"Білім беру және зерттеу арқылы тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету" Дөңгелек үстелі



"Eco life" студенттік экоклубы құрылды, оның құрамына 145 студент кіреді



"Энергия және ресурс үнемдеуші технологиялар: тәжірибелер мен перспективалар" ғылыми-практикалық конференциясы




"Тұрақтылық және жасыл экономикаға көшу, құрылыс саласындағы білім беруді дамыту" Дөңгелек үстелі

ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

КІРІСТЕР - 8 204 477 МЫҢ ТЕҢГЕ

2024 ЖЫЛ




Таза пайда

990 743 мың теңге

ШЫҒЫСТАР - 7 213 734 МЫҢ ТЕҢГЕ

2024 ЖЫЛ



Сатылған өнімнің өзіндік құны

6 050 281
мың теңге



Әкімшілік шығыстар

633 800
мың теңге




Басқа шығындар

529 653
мың теңге

Кірістер, мың теңге


Шығыстар, мың тг



Кірістер 2020 жылмен салыстырғанда **3,4** есе өсті


ЖАЛАҚЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Айлық жалақы қоры, мың теңге




Айлық жалақы қоры 2021 жылмен салыстырғанда **1,7** есе өсті

2024 жылдың орташа жалақысы - **330,3 мың теңге**




2024 жылы ПОҚ орташа жалақысы 20-36% - ға өсті (2023 жылмен салыстырғанда)


Оқытушы, теңге




Аға оқытушы, теңге



Қауымдастырылған профессор / доцент, теңге



Профессор, теңге



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

Негізгі құралдардың атауы, мың тг	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл, жоспар
Зертханалық жабдықтар	47 854,4	136 527,2	241 225,8	260 981,8	625 281,6
Кітаптар және оқу әдебиеттері	42 982,2	34 964,1	24 702,7	25 043	30 170,2
IT инфрақұрылымын дамыту	50 845	206 389,5	185 045	195 684	338 181
Оқу жиһазы	13 035,3	80 947	54 536,9	49 793,6	68 047,6
Басқа да негізгі құралдар	30 456,5	30 067,2	57 512,6	69 674,6	46 029,2
Барлығы	185 173,4	488 895	563 023	601 177	1 107 709,6

ЖАҢА КАБИНЕТТЕР МЕН ЗЕРТХАНАЛАР

2022 ЖЫЛ

1.Материалдық - техникалық жарақтандырумен мультимедиялық лингафондық кабинеттер	39 393 мың теңге
2."Пайдалы қазбаларды өндіру" оқу кабинеті	19983 мың теңге
3."Атом физикасы оптикасы" зертханасы	13842,9 мың теңге
4."Жас электрик" кабинетін жабдықтауға арналған жабдық	12528,5 мың теңге
5."Механика және молекулалық физика" зертханасы	11410,7 мың теңге
6."Электрофикация және магнетизм" зертханасы	10 368,8 мың теңге
7."Агрономия" зертханалық жабдығы	
8."Желдету жүйелері" оқу-зертханалық стенд-тренажері	10196,2 мың теңге
9."Пайдалы қазбалар кен орындарының геологиясы" оқу кабинеті	5889 мың теңге
10."Құбырлардың сантехникалық жабдықтарын монтаждау технологиясы" оқу-зертханалық стенд-тренажері	5240 мың теңге
11."Математика" Кабинеті	5033,4 мың теңге
	2641,7 мың теңге

2023 ЖЫЛ

1."Органикалық масса пиролизі" зертханасы	
2."Автоматтандыру және басқару" оқу кабинеті	
3."Құжаттарды зерттеу зертханасы" криминалистика кабинеті	
4.Лингафон кабинеті	
5."Оптика" зертханасы	
6.Робот техникасы мен 3D модельдеуге арналған зертханалық-сынақ полигоны	
7."Сумен жабдықтау және су бұруда автоматтандыру" оқу жабдықтарының жиынтығы	
8."Су шаруашылығы және жерге орналастыру"оқу-зертханалық жабдықтар жиынтығы	
9."Ағынды суларды тазарту" оқу-зертханалық жабдықтар жиынтығы	
10."Штангалық сорғы қондырғысының моделі" зертханалық стенді	
11. "Сәулет және құрылыс өндірісі" кабинеті	
12. "Математика" кабинеті	
13."Гидравликалық соққының сұйықтық механикасы " зертханалық стенді	
14."Тарих" Кабинеті	
15."Компьютерлік ғылымдар" оқу-зертханалық стенді	
16."Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне арналған сорғыларды зерттеу" оқу-зертханалық жабдықтар жиынтығы	
17."Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі"оқу жабдықтарының жиынтығы	
18.Топырақтану және агрохимия" зертханасы	
19."Электрэнергетика" оқу жабдықтарының үлгілік жиынтығы	
20.Робототехника кабинеті	
21."Аэротенка-тұндырғыштың құрылысы және жұмыс жасау принципі" оқу зертханасы	
22."Өндірістік шудан қорғау әдістерін зерттеу" зертханалық стенд	

68 326,8 мың теңге
30 464 мың теңге
20 529,6 мың теңге
18 368 мың теңге
9 900 мың теңге
9 411,6 иың теңге
8 959,9 мың теңге
8 002,5 мың теңге
7 150,1 мың теңге
6 596,8 мың теңге
6 053,7 мың теңге
5 501,2 мың теңге
5 463,3 мың теңге
5 395 мың теңге
4 894,4 мың теңге
4 691,8 мың теңге
4 380,0 мың теңге
4 034,2 мың теңге
3 941,3 мың теңге
3 528 мың теңге
3 299,9 мың теңге
2 333,7 мың теңге

2024 ЖЫЛ

1."Молекулалық физика және термодинамика" кабинеті	22 960,0 мың теңге
2."Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі" кабинеті	18 905,2 мың теңге
3."Тілтанымдық зертхана оқу кабинеті	
4.Информатика оқу кабинеті	16 692,5 мың теңге
5.Робототехника кабинеті	10 876,7 мың теңге.
6.Компьютерлік және графикалық объектілерді 3D модельдеу кабинеті	10 205,2 мың теңге
7."Мерчендайзинг" кабинеті	10 200,0 мың теңге
8."Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология" БББ кабинеті	6 785,5 мың теңге
9.Инклюзивті білім беру кабинеті	5 158,7 мың теңге
10. "Гидравликалық жетектер мен гидромашиналар" оқу-зертханалық жабдықтар жиынтығы	4 988,0 мың теңге
11. "Өндірістік шудан қорғау" оқу-зертханалық жабдықтар,	3 707,3 мың теңге
12. Оқу жабдықтарының типтік жиынтығы	2 333,8 мың теңге
13. "Сәулет және құрылыс өндірісі" кабинеті	2 177,3 мың теңге
14. "Өндірістік жарықтандырудың тиімділігі мен сапасы" үлгілік жиынтығы	2 052,1 мың теңге
15. "Микротолқынды сәулеленуден қорғау" типтік жиынтығы	1 975,7 мың теңге
	1 277,9 мың теңге

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1-ШІ БАҒЫТ (АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ)

2-ШІ БАҒЫТ (ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ)

◆ Мақсаты: Қоғамның инновациялары мен сұраныстарына негізделген білім беру бағдарламаларының және берілетін біліктіліктердің сапасын қамтамасыз ету.	◆ Мақсаты: Ғалымдардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық өсуін дамытуға және халықтың өмірін жақсартуға қосқан үлесін арттыру үшін жағдайлар жасау.
◆ Міндеті: Ұлттық және аймақтық контекстке біріктірілген тиімді академиялық экожүйені қалыптастыру.	◆ Міндеті: Гранттық және халықаралық жобаларды тарту, жаңа және қарқынды дамып келе жатқан жобаларға инвесторлар іздеу арқылы қаржыландыру көздерін ұлғайту. Білім трансферін, технологияларды коммерцияландыруды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін қамтамасыз ету.
◆ Тікелей көрсеткіш: "Білім беру қызметтері" 105,19 % орындалды, жоспар бойынша 10 463 адам. Іс жүзінде 10 512 адамға қызмет көрсетті.	◆ Тікелей көрсеткіш: "Іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша қызметтер (жобалар бойынша ғылыми зерттеулер)" 100% орындалды, жоспар мен факт 23 бірлікті құрайды.
◆ Соңғы нәтиже көрсеткіші : - Оқу аяқталғаннан кейін 1 - ші жылы жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан) - 105,19 орындалды % Сапа көрсеткіштері: барлығы 24 көрсеткіш: - 24 көрсеткіш 100% және одан да көп пайызға орындалды.	◆ Соңғы нәтиже көрсеткіші: Q1, Q2 Journal Citation REPORTS JCR жоғары рейтингтік басылымдарындағы жоғары оқу орны қызметкерлерінің мақалалары мен шолуларының саны 300% орындалды, жоспарланған - 8, іс жүзінде жарияланған - 24 мақала.
	◆ Сапа көрсеткіштері: барлығы 7 көрсеткіш: - 6 көрсеткіш 100% және одан да көп пайызға орындалды; -1 көрсеткіш 50% орындалды(2024 жылы ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру үшін "Ғылым қоры" АҚ-ға сараптамадан өтпеген 4 жоба ұсынылды. 2024 жылы келісімшарт бойынша жобалар бар № 910157/2023/1 "Самұрық-Қазына "Ұлттық қоры" АҚ-мен. Жобаның құны 14000000 теңге және "Актив Групп" ЖШС-мен № 06-05-24 келісімшарт негізінде 1150000 теңге сомасына.)

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



№	Негізгі көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоспар	Нақты	% орындау
Соңғы нәтиже					
1	Оқу аяқталғаннан кейін 1-ші жылы жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	77	81	105,19
2	Q1,Q2 Journal Citation REPORTS JCR жоғары рейтингті басылымдарындағы жоғары оқу орны қызметкерлерінің мақалалары мен шолуларының саны	Саны	8	24	300
Тікелей көрсеткіш					
3	Білім беру қызметтері (білім алушылар саны)	Саны	10 463	10 512	100,47
4	Іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша қызметтер (жобалар бойынша ғылыми зерттеулер)	Саны	23	23	100
Сапа көрсеткіштері					
5	Білім беру қызметтері (білім алушылар саны)	Саны	10 463	10 512	100,47
6	Іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша қызметтер (жобалар бойынша ғылыми зерттеулер)	Саны	23	23	100
7	QS рейтингінің Top-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламаларының саны	Саны	3	3	100
8	Студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттердің үлесі	%	0,6	1,7	283,33
9	Атқарушы органдарда әйелдердің үлесін арттыру	%	30	60	200
10	Директорлар Кеңесінде әйел адамдардың үлесін арттыру	%	32	50	156,25
11	Университеттің құрылымдық бөлімшелеріндегі басшы-әйелдердің үлесін арттыру	%	32	45	140,63
12	ЖОО-ның жалпы табысынан, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде ЖОО-ны дамытуға тартылған инвестициялар үлесі	%	0,29	0,75	258,62
13	Бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны (Күміс университеттен басқа)	Саны	250	389	155,6
14	Күміс университеттер бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	Саны	108	116	107,41
15	Іске асыру кезінде әлемдік цифрлық кітапханалар пайдаланылатын БББ үлесі	%	50	51	102
16	Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын студенттердің үлесі	%	30	31	103,33
17	Білім алушылар мен ПОҚ білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі	%	85	88	103,53
18	Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың үлесі	%	2,5	6,4	256
19	Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған білім алушылардың үлесі	%	40	40	100

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Негізгі көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоспар	Нақты	% орындау
20	Әлеуметтік-психологиялық көмек орталығының ашылуы	Саны	1	1	100
21	Инклюзивті білім беру үшін жасалған жағдайлар деңгейі	%	75	75	100
22	Оқу және ғылыми жабдықтарды жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі	%	6	6	100
23	Халықаралық білім беру бағдарламаларының саны (Сеул Техпен старатегиялық әріптестік шеңберінде)	Саны	3	4	133,33
24	ЖОО базасында құрылған шетелдік филиалдардың бағдарламасы бойынша білім алушылар контингенті	Саны	75	104	138,67
25	Студенттердің жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелден академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша келген студенттердің үлесі	%	0,1	0,2	200
26	Студенттердің жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелден академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша кеткен студенттердің үлесі	%	0,6	1	166,67
27	6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	Саны	50	116	232
28	Шетелдік ЖОО филиалдарының ЖОО қызметіне қатысу дәрежесі	%	5	5	100
29	Ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан алынған кірістердің үлесі (ЖОО-ның жалпы бюджетінен)	%	4	9,4	235
30	Университеттің жалпы табысынан ҒЗЖ бойынша кірістер көлемі	Млн.тг	382	774,3	202,7
31	Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны	Саны	4	2	50
32	ҒҒТҚН және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі (ЖАО, бизнес өкілдері)	Млн.тг	35	35	100
33	Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны	Саны	2	2	100
34	Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ПОҚ саны (40 жасқа дейін қоса алғанда) (ГҚ/БМҚ бойынша ғылыми жобаларға қатысу)	Саны	25	76	304
35	ПОҚ жалпы санынан ғылыми жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі	%	35	35,4	101,14

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МІНДЕТТЕР

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ДАМУЫ БОЙЫНША

- "Мамандығым-болашағым" жобасы аясында өңірдің жаңа мамандықтарының картасын жасау
- Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және қос дипломдық білім беру бағдарламаларының санын ұлғайту
- Дуальды оқыту негізінде өндіріспен байланысты нығайту, тәжірибеге бағытталған оқытуды жүзеге асыру
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасының ауқымын кеңейту
- Профессор-оқытушылар құрамының кәсіби әлеуетін дамыту
- "Болашақ" бағдарламасының жас ғалымдары мен түлектерін тарту арқылы талант-менеджментті күшейту
- Студенттердің шығармашылық идеялары мен әлеуметтік бастамаларын қолдау

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫН ДАМУЫ БОЙЫНША

- Ғылыми зерттеулерден түсетін табыс көлемін ұлғайту
- Коммерцияланған жобалар санын ұлғайту
- Өңірлік жер қойнауын пайдаланушылармен/өндірістік компаниялармен жұмыс
- Рецензияланатын басылымдарда жарияланымдарды ұлғайту
- QS, THE, GreenMetric және т.б. рейтингтегі көрсеткіштер бойынша нақты жұмыс.
- Жас ғалымдарды қолдауды жалғастыру және олардың санын көбейту
- Зерттеуші-оқытушылар санының артуы, постдокторанттарды тарту
- Ғылыми журналдардың сапасын арттыру және ҚР ЖБССҚК тізіміне енгізу
- Халықаралық жобалардың үлесін арттыру

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУЫ БОЙЫНША

- Университеттің цифрлық экожүйесін дамыту:
 - LMS+ERP + CRM бірыңғай платформасы. Бірыңғай кіру нүктесі (BYOD) –профилі және жеке кабинеті бар электрондық университеті бар мультиплатформа
 - "Ақылды кампусқа" көшу және "цифрлық трансформация мен киберқауіпсіздікке 20 қадам" жол картасын іске асыру
 - Microsoft 365 жүйесіне жүйелік көшу
- Университет инфрақұрылымын жаңғырту: жөндеу жұмыстарын жалғастыру, зертханалар мен дәріс залдарын жарақтандыру
- №1 жатақхананы қайта жаңарту
- №1 оқу ғимаратындағы ғылыми кітапхананы жаңғырту
- Инжинирингтік парк құрылысы



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

